

«STUDENTENERGYCHALLENGE» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

Осы ереже «StudentsEnergyChallenge» байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелерін және өткізу тәртібін белгілейді.

2. Ұйымдастырушылар

«ШеллҚазақстанБ.В.» компаниясы (бұдан әрі - «Шелл») («KAZENERGY» қауымдастығының қолдауымен)

3. Мақсаты:

- Қазақстан студенттерінің кәсіби және тұлғалық әлеуетін дамытуға жағдай жасау;
- Энергетиканың және оған байланысты мәселелердің маңыздылығына назар аударту
- Ғаламдық энергетикалық сын-қатерлерге инженерлік шешімдердің, шығармашылықтың және кәсіпкерлік шешімдердің қоданылуына қолдау көрсету
- Қатысушылар арасындағы байланыстарды нығайту, тәжірибе алмастыру және олардың білімдерін жетілдіру;
- «Шелл» компаниясының озық тәжірибесі мен техникалық дағдыларын қазақстандық студенттермен бөлісу

4. Байқауға қатысуға арналған шешімдерді/жобаны ұсынуға қойылатын талаптар және Байқауды өткізу тәртібі:

Байқаудың міндеті – қатысушыларды мынадай кез келген тақырып бойынша энергетикалық қиындықтарды шешуге мүмкіндік беретін жаңа технологиялық шешімдер және бизнес жүргізу жолдары туралы бірегей және инновациялық идеялар ойлап табуға ынталандыру:

1. Отын-энергетика ресурстарын мониторингілеу
2. Дәстүрлі емес көздерден баламалы энергия өндіру
3. Тұрмыстық және коммерциялық мақсатта пайдаланылатын энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру
4. Электр және жылу энергиясын тиімдірек пайдалану
5. Көмірқышқыл газын азырақ өндіретін бастапқы энергия ресурстарын (мұнай, газ, көмір, уран) өндіру
6. Электр энергиясын тасымалдау, өндіру, ғимараттарды салу, энергияны үйде немесе азық-түлікке пайдалану барысында көмірқышқыл газы шығарындыларын азайту.

Әрбір жоғары оқу орнынан бірнеше команда қатыса алады. Байқауға команданың атауы, ұраны, құрылу қағидаты берілген, команданың әр қатысушысы таныстырылған жобаның паспорты нысанында (№2 қосымша) орыс, қазақ немесе ағылшын тілінде жазылған шешімдер/жоба ұсынылады. *Егер бар болса, макеттер, жобаның кезеңдері, чертеждер, сызбалар, фотосуреттер, графиктер, қолдаухаттар және басқа да мәліметтер қоса беріледі.*

4.1. Ойынды өткізу кезеңдері:

- 1) Бірінші кезең– команда 2017 ж. 5-маусымға дейін <http://kazenergyforum.com>сайтына тіркелуі тиіс.
- 2) Екінші кезең – команда тіркелгені туралы растау ала салысымен «Командада жұмыс істей білу» тақырыбындағы вебинардан өтуі тиіс. Командалардың Байқауға қатысуға арналған видео – резюмеі және шешімдері/жобасы 2017 жылғы 22-маусымға дейін <http://kazenergyforum.com>сайтында қабылданады (анықтама телефоны: 790174).
- 3) Үшінші кезең–қазылар алқасы командалардың видеорезюмеісін қарап, 13-шілдеге дейін финалға қатысатын 8 команданы таңдап алады. Іріктеу аяқталған соң ұйымдастырушылар командаларға (8 командаға) қазылар алқасының алдында өнер көрсетуге шақыртулар

жібереді, олар 17-тамызға дейін талаптарға сай өздерінің толық жобалық ұсыныстарын ұсынуы тиіс. Финалға қатысатын қатысушылар анықталған соң, ол командалардың атауы Казэнерджи сайтында жарияланады. Бұл кезеңде командалар «Презентацияны қалай тиімді дайындауға және таныстыруға болады» және «Басты назар. Уақыт. Питч» вебинарларына қатысулары тиіс. Командалар Астанада 2017 жылғы 7-қыркүйекте сағат 15.30 - 19.00 дейін қазылар алқасының алдында (презентация, макет, сызба немесе басқа формадағы) өз жобаларының материалдарын (15 минут) таныстырады.

- 4) Төртінші кезең – 8 командадан іріктеп алынған 3 команданың қазылар алқасының мүшелері алдында финалдық өнер көрсетуі (регламент – 5 минут) және жеңімпаздар 2017 жылғы 8-қыркүйекте KAZENERGY Жастар форумы шеңберінде марапатталады.

5. Жобаларды бағалау тәртібі (сегіз финалшы үшін)

Үздік команданы таңдап алу үшін «Шелл» компаниясының өкілдерін (мемлекеттік органдардың және КЕ қауымдастығына мүше компаниялардың өкілдері де қатысуы мүмкін) қоса алғанда әділ қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасы қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаз командаларды 2017 жылы 08-қыркүйекте «Шелл Қазақстан» компаниясының өкілдері КЕ Жастар форумы шеңберінде жариялап, марапаттайды.

Осыдан кейін Байқаудың барлық қатысушылары Экспо аумағындағы «Шелл Қазақстан» павильонына шақырылады.

6. Жеңімпаздарды марапаттау

Үшінші кезеңге өткен қатысушы командаларға қатысушы сертификаты беріледі. Жеңімпаз командалар дипломмен және сыйлықтармен марапатталады.

Сыйлық қоры:

- 1-орын – 10 000 евро + ғаламдық сарапшылар қатысатын техникалық/бизнес шеберлік класы (жеңімпаз команданың оқу орнының барлық студенттеріне арналған)
- 2-орын – 5000 евро + жарты күндік тәлімгерлік онлайн-курсы (команда қатысушыларына арналған)
- 3-орын – 3000 евро + екі сағаттық тәлімгерлік онлайн-курсы (команда қатысушыларына арналған)
- Барлық қатысушыларға «Шелл Қазақстан» компаниясы атынан қатысушы сертификаты мен сыйлықтар беріледі.

Ереженің №2 қосымшасы/Appendix to Regulations No.2

ЖОБА ПАСПОРТЫ\PROJECT PASSPORT

1. Жобаның атауы\Project Title: _____

2. Жобаның өзектілігі\Project's Rationale: _____

Экологиялық себеп\Potential environmental benefits: _____

Экономикалық себеп\Potential economic benefits: _____

Your Idea

- Which category does your project fit into?
- Project name (max 50 words)

- Overall project paper volume – max 10 pages
- Brief overview of your project (max 200 words)
- Give more details of your idea (max 1000 words)
 - please include: What problem are you solving? How does it work?
- What is the outcome/benefit from your idea? (max 1000 words)
 - What will the deliverable be (eg - product, process, service, technology)
 - How does your product/technology/service fill a gap in the market?
- Has your product been entered for any other competitions? If so, which? What was the outcome?
- Has any market research been done on your product? If so, please summarise (max 600 words)
- Is your product currently being considered by external parties? If so, who?
- Please submit supporting documentation if available (max 5 A4 pages).
- Please identify the market/consumer group for this product.

Your Team

- Name of Academic institution
- Team name
 - Please include contact details for team lead - email, phone/fax, correspondence address
 - Please list the members of your team and submit short biographies for each, including qualifications, academic background and role on the team (max 750 words per biography)

Please note that any products, processes, services, technology or any other intellectual property developed for the Challenge will remain in the property of the authors.

Өтінім беруші ұйымның басшысы \HeadoftheCompany-Applicant_____

(қолы\signature)

М.П.\stamp